



Хабарландыру

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы №90 бұйрығымен бекітілген "Табиғи монополиялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 22-бабының 8-тармағына, 26-бабы 2-тармағының 14) тармақшасына және тарифтерді қалыптастыру қағидаларының 609-тармағына сәйкес "Еуроазиаттық энергетикалық корпорация" АҚ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 90, ҚР Ұлттық экономика министрлігі Табиғи монополияларды реттеу комитетінің Павлодар облысы бойынша департаментінің 2025 жылғы 4 шілдедегі № 45-ОД бұйрығымен 2025 жылғы 1 тамыздан бастап жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметке оның қолданылу мерзімі аяқталғанға дейінгі тариф бекітілді. 2025 жылғы 1 тамыздан 31 желтоқсанға дейін жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметтерге тариф ҚҚС-сыз 1 908,69 теңгені/Гкал құрайды.

Жылу энергиясын өндіру жөніндегі қызметке тариф пен тарифтік сметаны уәкілетті орган келесілер негізінде өзгертті:

- Заңның 22 - бабы 1-тармағының 1) тармақшасы және Қағидалардың 601-тармағының 1) тармақшасы - 2024 жылғы 1 шілдеден бастап стратегиялық тауарлардың (мазут) құнын өзгерту;

- Заңның 22 - бабы 1-тармағының 3) тармақшасы және Қағидалардың 601-тармағының 3) тармақшасы - 2025 жылғы 01 қаңтардан бастап Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер мөлшерлемелерін өзгерту;

- Заңның 22-бабы 1-тармағының 9-2) тармақшасы және Қағидалардың 601-тармағының 11) тармақшасы - 2024 жылғы статистика деректері бойынша қалыптасқан Павлодар облысындағы экономикалық қызмет түрі бойынша бір қызметкердің орташа айлық атаулы жалақысының өзгеруі.